

Магистратураның «Экономика» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Қазіргі заманғы экономикалық ойлауы бар, экономика саласында «озық» теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар, сыни ойлауға және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- экономикалық талдау жүргізу және басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпарат жинау дағдыларын үйрету;
- экономикалық процестерді дамытудағы және экономикалық саясатты жүзеге асырудағы ықтимал тәуекелдерді талдау және болжам жасау дағдыларын дамыту;
- экономикалық саладағы тәуекелдерді ескере отырып, басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту;
- әлеуметтік-экономикалық процестердегі өзгерістерді талдау әдістерін және уақытылы басқару шешімдерін қабылдау дағдыларын үйрету;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін және кәсіби мемлекеттік аппараттың сипаттамаларына сәйкес келетін құзыреттерді дамыту.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

Қолдану: Экономиканың өзекті мәселелерін шешуде білімін, білік пен дағдысын қолданады.

Талдау: Саланың, аймақтың және елдің экономикалық қызметінің дамуын талдайды, мәселені негіздейді және тұжырымдайды және оңтайлы шешімдер ұсынады.

Синтез: Саланың, аймақтың және елдің экономикалық қызметін орта мерзімді кезеңге жоспарлайды.

Бағалау: Өзгертін жағдайларды ескере отырып, саладағы, аймақтағы және елдегі экономикалық даму тенденциялары мен динамикасын анықтайды және болжайды.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Кәсіби ағылшын тілі	3
	Тиімді коммуникациялар	3
	Мемлекеттік басқару	4
	Микроэкономикалық талдау	5
	Шешім қабылдау үшін зерттеу әдістері (сандық және сапалық)	5
	Магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МҒЗЖ)	5
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	25
2	Ресми іскерлік қазақ тілі	3
	Экономиканы басқарудың цифрлы технологиялары	5
	Жобаларды басқару	5
	Макроэкономикалық талдау	5
	Өндірістік практика	2
	Тағылымдама	2
	МҒЗЖ	10
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	32

3	Ұлттық есеп жүргізу жүйесі және экономикалық статистика/Қолданбалы эконометрика	5
	Стратегиялық менеджмент/Экономикадағы тәуекелдерді басқару	5
	Экономикалық өсу және тұрақты даму / Экономикалық саясатты талдау және бағдарламаларды бағалау	5
	МҒЗЖ	9
	3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	24
4	Қоғамдық сектордың экономикасы/Өңірлік экономика	5
	«Қарапайым заттар экономикасы»/Өндірістік экономика	5
	Мемлекеттік қаржы және фискалды басқару/Бюджеттік қаражаттар мен мемлекет активтерінің тиімділігін талдау	5
	Өндірістік практика	2
	МҒЗЖ	10
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	27
Теориялық оқудың барлығы		72
МҒЗЖ:		36
• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса		34
• Тағылымдама		2
Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)		12
Қосымша білім берудің барлығы		48
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		120